

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
МУҒАЛЖАР АУДАНЫ
«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Мұғалжар аудандық білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Саға жалпы
білім беретін орта мектебі» КММ



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
МУГАЛЖАРСКИЙ РАЙОН
КГУ «Сагинская общеобразовательная
средняя школа»ГУ «Отдел образования
Мугалжарского района Управления
образования Актюбинской области»

030713, Саға ауылы, Саға көшесі
Тел: (871334) 76-3-67
E-mail: saga_m2012@mail.ru

030713, село Сага, ул.Сага
Тел: (871334) 76-3-67
E-mail: saga_m2012@mail.ru

Бұйрық №37/1
26.08.2022 ж.

**«2022-2023 оқу жылының сабақ кестесін
бекіту туралы»**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі №375 бұйрығымен бекітілген «Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидалары»-ның 15 тармағы және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 05 тамыздағы № ҚР ДСМ №76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» негізінде және оқулықтардың салмағын есептеуге арнайы құрылған жұмысшы топ отырысының шешіміне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

§1

- 1.1. Оқушылар мен тәрбиенушілердің оқу жүктемесі, сабақтар режимі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары,- санитариялық-эпидемиологиялық қағидалар мен нормалар, денсаулық сақтау және білім беру органдарының оқу жоспарлары мен ұсынымдары негізінде дайындалған білім беру ұйымдары бекітетін ережелермен айқындалатындығы қатаң ескере отырып дайындалсын.
- 1.2. Аталған қағиданың талаптарын ескере отырып 2022-2023 оқу жылындағы 1-11 кластар сабақ кестесін құрған кезде бір күн және бір аптаның ішіндегі оқушылардың ақыл-ой еңбегіне қабілеттілік серпіні ескерулерге тиіс және осы Санитариялық қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес қиындық бойынша пәндерді саралау кестесі, жалпы білім беретін ұйымдардағы оқу жүктемесінің нормалары осы Санитариялық қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес болу керектігін ескерілсін.
- 1.3. Мектепке дейінгі сыныптар күннің II –жартысында оқитындықтан оларға арналған күн режимі аталған қағиданың 2-қосымшасын басшылыққа алынсын.

- 1.4. Сабақ кестесі міндетті және факультативтік сабақтар үшін жеке жасалып, факультативтік сабақтар міндетті сабақтардың саны барынша аз күндері жоспарлансын.
- 1.5. 2022-2023 оқу жылының сабақ кестесі, факультатив, мектеп компоненті, үйірмелер, электив курстар, мектепке дейінгі сыныптар сабақ кестелері ата-аналар комитетінің және қамқоршылық кеңесінің төрағасымен келісіліп, мектеп басшысымен бекітілсін.
- 1.6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Р.А.Жумағалиеваға, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Т.Бримбетоваға жүктелсін.



Мектеп директоры:

Б.Х.Жангельдин

Бұйрықпен таныстым:

Р.А.Жумағалиева

М.Т.Бримбетова